# Паспорт образовательной программы

**Дата регистрации в Реестре**
2022.07.12 10:56

**Регистрационный номер**
17247

**Дата обновления паспорта ОП**:
2022.07.12 10:56

**Код и наименование специальности**:
02150500 Актерлік өнер

**Код и наименование квалификации/квалификаций**:
4S02150501 Драма театр әртісі

**Регион**:
Қарағанды облысы

**Организация ТиППО (Разработчик)**:
Жезқазған музыкалық колледжі КМҚК

**Партнеры-разработчики**:
С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалы драма театры КМҚК

**Цель ОП**:
Актерлік шеберлікті кәсіби қызметінде жүзеге асыра алатын, өз бетімен алға қойған міндеттерді шешетін, кәсіби біліктілігін қолдана алатын орта буын мамандарын дайындау.

**Уровень по НРК**:
4

**Уровень по ОРК**:
4

**Профессиональный стандарт (при наличии)**:
Актерлік өнер

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии)**:
жоқ

**Форма обучения**:
күндізгі

**База образования**:
негізгі орта білім

**Язык обучения**:
мемлекеттік

**Общий объем кредитов**:
240/5760

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**

3.05.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью**:

№ KZ14BFA00144055

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью**:

№ 007

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**

-

**Отличительные особенности ОП**:

-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин**:

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | ЖБП 1. Математика | Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзділіссіздігі», «Туынды және оны қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері». | 120 |
| | ЖБП 2. Информатика | Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді | 48 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән «Компьютерлік жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Қосымшаларды құру» сияқты бөлімдерді зерттейді. | |
| | ЖБП 3. Қазақ тілі | Өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Сауатты, өз ойын дұрыс, еркін жеткізу, жаза білу дағлыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм». | 96 |
| | ЖБП 4. Қазақ әдебиеті | Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, | 96 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастырады. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Прозадағы көркем ой», «Аңызбен өрілген көркем сөз», «Заман, дәуір тұлғасы», «Тарихтың шертіп пернесін», «Пайым мен парасат», «Ғасырлық туынды», «Әдебиеттегі сан сарын». | |
| | ЖБП 5. Орыс тілі және әдебиеті | Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в | 120 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция». | |
| | ЖБП 6. Шет тілі | Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», « Controversial Issues», «Virtual reality», «Out of this World», «Stress and Fear», « Imagination and Creativity», «Reading for Pleasure», «Independent Project », « Making contact», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Interviews and instructions», «Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «Social change and further study», «Making statements and providing information», «Clothes journeys». | 96 |
| | ЖБП 7. Қазақстан тарихы | Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», | 96 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы». | |
| | ЖБП 8. Өзін-өзі тану | Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі». | 48 |
| | ЖБП 9. Дене тәрбиесі | Жалпы адамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу». | 120 |
| | ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы | 96 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары», «Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық». | |
| | ЖБП 11. Биология | Ұйымдастырудың әртүрлі деңгейлеріндегі өмірдің мәнін, дамуын және көріністерін түсінуге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Молекулярлық биология және биохимия», «Жасушалық биология», «Қоректену», «Заттардың  тасымалдануы», «Тынысалу», «Бөліп шығару», «Жасушалық цикл Көбею», «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары»,  «Эволюциялық даму Селекция негіздері. Тірі ағзалардың алуантүрлілігі», «Координация және реттеу», «Қозғалыс», «Биомедицина және биоинформатика», «Биотехнология», «Биосфера, экожүйе, популяция»,  «Экология | 144 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | және адам іс- әрекетінің қоршаған ортаға әсері». | |
| | ЖБП 12. География | Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары». | 144 |
| | ЖБП 13. Физика | Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын бақылау, талдау және бекіту қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Молекулалық физика», «Электр және магнетизм», «Тербелістер», «Толқындар», «Оптика», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология». | 72 |
| | ЖБП 14. Химия | Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық.Химиялық | 72 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық реакциялар энергетикасы», «Химия және қоршаған орта», «Химия және өмір». | |
| | ӘЭП 1. Кәсіби орыс тілі | Кәсіби терминологияны қолдану және сөздіксіз аударма техникасын меңгеру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. | 36 |
| | ЖГП 2. Кәсіби шетел тілі | Кәсіби қарым-қатынас жасау үшін қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалды қолдану, шет тіліндегі мәтіндерді оқу және қазақ (орыс) тілінен шет тіліне және керісінше аудару, шет тілінде жазбаша мәтіндерді құрастыру, материалды монологтық және диалогтық сөйлеуде ауызша баяндау біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. | 72 |
| | ӘЭП 1.Философия негіздері | Адам өмірінің мағынасы, әлемнің философиялық, ғылыми және діни суреттері туралы, ғылым рөлі және ғылыми тану, оның құрылысы, формасы мен әдістері, әлеуметтік және әдеп мәселелері туралы түсінігін қадыптастырады. Қоғамда адамдар арасындағы қатынастардың бар болмысы мен нормаларын реттеу, саналы және санасыз мінез-құлықты, оның мәнін, биологиялық және әлеуметтік, рухани бастауын анықтау жөніндегі дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны: Философия пәні, дүниежүзілік философиялық ойлардың негізгі кезеңдері; адам табиғаты және оның өмір сүру мағынасы; Құдай және адам; адам және ғарыш; адам, қоғам, өркениет, | 36 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | мәдениет; бостандық және адамның жауапкершілігі; адамның танымы және қызметі; ғылым және оның рөлі; ғалами мәселелер алдындағы адамзат. | |
| | ӘЭП 2. Мәдениеттану | Өз халқының, ұлтының мәдени-тарихи құндылықтарының негіздері туралы білім жүйесін жалпыадамзаттық мәдениеттің байлығымен ұштастыра отырып қалыптастырады. Мәдениеттану ұғымдарын еркін пайдалануға, көшпелілердің материалды және рухани мәдениетінің ерекшелігін және қоғамдық мәдениеттегі алатын орнын тануға ықпал етеді. Пән мазмұны: Мәдениеттану және оның қоғамдағы атқаратын ролі; Мәдениетті зерттеудің алуан түрлі жолдары; Мәдениет және өркениет; қалыптасуы; конфуцко – даосисттық түрі; үнді-буддалық түрі; ислам мәдениетінің әлемі; мәдениеттің христиандық түрі; батыс еуропа мәдениеті және қазіргі әлемнің дамуына оның ықпалы; Африка мәдениетінің ерекшелігі мен қайталанбаушылығы; нәсілшілдік мәселесі; көшпелі өркениеттің пайда болуы және қайталанбаушылығы;орта ғасыр дәуіріндегі Қазақстан мәдениеті; 17-19 ғасырлардағы қазақ мәдени дәстүрлері; Қазіргі Қазақстанның мәдениеті. | 36 |
| | ӘЭП 3. Әлеуметтану және саясаттану негіздері | Әлеуметтану негіздері, әлеуметтанулық тұжырымдамалар және социологиялық зерттеу әдістері туралы білім жүйесін қалыптастырады. | 36 |
| | ӘЭП 4. Экономика негіздері | Экономикалық теория негіздері, оның мәні, меншік нысандары, | 72 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
| --- | --- | --- | --- |
| | | түрлері, бәсекелестік, нарықтың пайда болу жағдайлары, Қазақстан Республикасында нарықтық экономика негіздерін қалыптастыру, сұраныс, ұсыныс, нарықтық баға, кәсіпкерлік туралы білімді қалыптастыруға ықпал етеді, экономикалық теорияның жалпы ережелері, елдегі және шетелдегі экономикалық ахуалдар, макро- және микроэкономикалар салықтық, ақшалай-несие, әлеуметтік және инвестициялық саясат туралы білімдерін қалыптастырады. Өз кәсіби қызметіндегі бағыттары үшін қажетті экономикалық ақпаратты қолдану және табу дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны: мақсаты, негізгі түсінік, қызметі, мәні, ұстанымы; меншіктің формасы және түрлері, меншікпен басқару; жоспар түрлері, оның негізгі кезеңдері, мазмұны, стратегиялық жоспарлар; болжамдарды өңдеу және экономикалық жоспарды негіздеу әдістері; бизнес-жоспарлау; экономикалық талдау; халық тұтынатын тауарлар және қызметтердің нарық күйін талдауы; нарықтық инфрақұрылым. | |
| | ӘЭП 5. Құқық негіздері | Адам мен азаматтың құқығы мен бостандықтары, іске асыру тетіктері, кәсіби қызмет саласындағы құқықтық және адамгершілік әдеп нормалары туралы білімдерін қалыптастырады.Маманның кәсіби қызметін анықтайтын құқықтық-нормативті құжаттарды қолдана білу дағдыларын меңгеруге ықпал | 36 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | етеді. Пәннің мазмұны: Құқық, түсінік, жүйе, көздері, Қазақстан спубликасының Конституциясы – құқықтық жүйенің ядросы; адам құқығының барлығына ортақ декларациясы, тұлға, құқық, құқықтық мемлекет, заңды жауапкершілік және оның түрлері, құқықтық негізгі салалары, Қазақстан Республикасының сот жүйесі, құқық қорғау органдары. | |
| | ӘЭП 6. Ақпараттық технологиялар | Кәсіптік қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану қалыптастыруға ықпал етеді. | 36 |
| | ЖКП 1. Театр және драматургия тарихы | Театр және драматургияның туу, аяққа тұру, даму тарихы жөнінде түсініктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Ежелг і Грециядағы және Римдегі театр ерекшел і ктерін аша білу, орыс театрының тууы және масқарампаздар өнерін і ң пайда болуының бастауларын бақылай білу, 50-60 ғ.ғ. қазақ театры; 60-80 ғ.ғ. қазақ театры, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ театры туралы түсінік бере білу дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны: Ежелгі Греция мен Римде театрдың пайда болуы; орта ғасыр театры; Қайта өрлеу дәуіріндегі театр; классицизм және ағарту дәуіріндегі театр; Х IX-XX ғ.ғ. батыс европа театры; орыс театрының туу көздері; масқарампаздардың өнері; шіркеу театры; мектеп театры; сарай маңындағы театрлар; XVIII ғасырдағы басыбайлы театры; Х IX-XX ғ.ғ орыс театры; қазақ театрының туу көздері; кәсіби театрдың тууы; 50-60 ғ.ғ. қазақ | 224 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | театры; 60-80 ғ.ғ. қазақ театры, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ театры. | |
| | ЖКП 2. Бейнелеу өнерінің тарихы | Бейнелеу өнерінің даму кезеңдері және олардың ерекшеліктері, негізгі жанрлары мен түрлері, әйгілі суретшілердің бейнелеу өнерінде кеңінен танылған туындылары жөнінде білімдерін қалыптастырады. Бейнелеу өнеріндегі шығармалардың мазмұнын және қалыптасуын талдау, шығармаларды талдауда өнертану терминдерін қолдана білу дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны: Әлемдік сурет өнерінің даму тарихы; қалыптасуы, негізгі дәуірлердің ауысуына сәйкес материалдарды таңдау және қалыптастыру (ескі, орта ғасыр, Қайта өрлеу дәуірі, классицизм, Ағарту, романтизм, XX – ғ. өнер); Бейнелеу өнерінің негізгі түрлері мен жанрлары: сәулет, кескіндеме, мүсін, графика, декоративті-қолданбалы өнер және т.б., кәсіби бейнелеу өнерінде халық дәстүрінің байқалуы | 38 |
| | ЖКП 3. Әлем әдебиеті | Әлем әдебиетінің тарихы, оның басты өкілдері, әдебиеттің бағыттары, жанрлары және маңызы жөнінде білімдерін қалыптастырады. Мифтер мен аңыздар; ертегілер; ежелгі халық әдебиеті; көне әдебиет; аңыздар; ерте кезеңдегі әдебиеттің өзіндік ерекшелігі; эллинизм дәуіріндегі әдебиет, Қайта өрлеу дәуірі және Ағарту дәуірі; негізгі әдебиет жанрлары; романтизм; романтизм эстетикасы; романтикалық қаһарман; реализм; лирика; көне | 152 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | және классикалық лирика; әдеби қара сөздің пайда болуы; әдебиеттег і халық өнер і н і ң рөлі және мән і; X V II- XVIII ғасырлардағы әдебиетке жалпы мінездеме; қазіргі заман әдебиеті. | |
| | ЖКП 4. Музыка сауаты | Бас және скрипкалы кілттермен нота жазу, клавиатурада барлық октаваларда дыбыстардың орналастырылуы жөнінде білімдерін қалыптастырады. Музыкалық үз і нд і н і талдау, яғни музыкалық қозғалыстың түр і, формасы, интервалдар және аккордтармен жұмыс істеу дағдысын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны: Музыка сауаттылығының негізгі элементтері: табиғи дыбыс қатары, негізгі баспалдақтар және оның атауы, музыкалық рет, нота хаты, кілт, альтерация белгісі, дыбыс энгармонизмі, диатониялық және хроматикалық тон және жартытон, әріптік жүйе бойынша дыбыстар белгісі, ритм және метр, музыкалық терминдер, интервалдар, лады және үндестіліктер, аккордтар, музыкалық құрастырудағы мелодия және оның мән і. | 38 |
| | ЖКП 5. Жалпы вокал | Дыбыс түзілу принциптері, вокалды музыка стилі, физиология негізі және дауыс гигиенасы жөніндегі білімдерін қалыптастырады. Техникалық және орындаушылық қиындықтарды жеңіп шығу, сүйемелдеушімен жұмыс жасай білу, вокалдық шығармаларды орындау және жаттау процесін жоспарлау, ән салудың мағынасын және интонация тазалығын білу дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. | 36 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | Пәннің мазмұны: Дыбыс түзілу принциптерін, вокалды музыка стилін,физиология негізі және дауыс гигиенасы жөнінде білімдерін қалыптастырады,техникалық және орындаушылық қиындықтарды жеңіп шығу,вокалдық шығармаларды орындау және жаттау процесін жоспарлау,ән салудың мағынасын және интонация тазалығын білу дағдырларын менгеруге ықпал ету. | |
| | ЖКП 6. Фортепиано | Музыкалық өнердің формасы мен жанрларын, қлавиатура құрылысын, non legato, staccato, legato және басқа да терминлер жөнінже білімдерін қалыптастырады. Жеңіл нота парағынан ойнай білу, сүйемелдеуд і ң бастапқы дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. пәннің мазмұны: Клавиатура және аспап құрылысымен танысу; дұрыс отыру және қолдардың қойылуы; фортепианода дыбыс шығарудың әд і стер і; нота сауаттылығы; техникалық дағдыларын дамыту; арпеджио, гаммамен, жаттығу және этюдтермен жұмыс істеу; аккордта ойнау; әр жанрдағы пьесаларды ойнау; полифания элементтерімен пьесаларды ойнау; ірі формалы шығармаларды ойнау (сонатина, вариация, рондо); оңай репертуар үстінде өзіндік жұмыстың қажетті дағдыларын меңгеру; ансамбль ойыны, есту бойынша парақтан нотаны оқу әдістерін меңгеру. | 36 |
| | ЖКП 7. Қосымша аспап | Аспапта ойнаудың негізгі әдістерін, атақты композиторлар шығармалары жөніндегі білімдерін | 36 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | қалыптастырады, аз формалы жеңіл музыкалық шығармаларды орындай білу дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны: Қосымша аспаптар және оның ерекшеліктері; дыбыс шығару мүмкіндіктерін; туу және даму тарихын, аспапта ойнаудың негізгі әдістерін, пиццикато, тремоло, гаммалар, этюдтар; қол қою, аз формалы репертуарларды меңгеру. | |
| | ЖКП 8.Грим | Грим салудың техникалық әдістері,грим өнерінің тарихы,беттің анатомиялық құрылысы жөніндегі білімдерін қалыптастырады,бетке кәсіби түрде грим салу,жарық арқылы рәсімдеуге сәйкес гримді кәсіби пайдалану,кейіпкерлердің әр түрлі түрлері мен сипаты ажырату дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны: Косметика, сәнді шаш, жасанды шаш, сақал, мұрт және грим өнерінің тарихы; гримге арналған бояулар мен қосымша материалдар; грим техникасы, гримнің анатомиялық негізі; беттің жеке бөліктерін талқылау; гримнің техникалық әдістері. грим және жанр; сахналық бейне жасаудағы гримнің ролі; грим өнеріндегі заманауи бағыттар, макияж. | 36 |
| | ЖКП 9. Акробатика | Гинастикалық жаттығулар мен тренингтер, акробатикалық, би элементтері, этюдтар жөнінде білімдерін қалыптастырады. Би элементтерін, әртүрлі этюдар, бейнелер жасау дағдыларын меңгеруге  ықпал етеді. Гимнастикалық жаттығулар және тренингтер, пластиканы дамытуға арналған акробатикалық | 144 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | элементтер (кульбиты, дөңгелек, т.б.); би элементтері (вальс, рок-н-ролл, чечетка); әртүрлі тақырыпта жеке этюдтар; топтық этюдтар; гипербола; гротеск; пантомима, пластикамен жұмыс жасау; қол саусақтарымен әр түрлі бейнелер жасау; ым және қимыл; психологиялық үзіліс; пародиядағы дауыс тембрын өзгерту техникасы. | |
| | ЖКП 10. Сахна қозғалысының негіздері | Сахналық қозғалыс, акробатика негізі, Европаның стилдік әдістері жөнінде білімдерін қалыптастырады. Музыкалық-ритмикалық жаттығуларды, сахналық акробатика қимылдарын, сахналық құлауды орындау, этюдтармен жұмыс жасау дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пән мазмұны: Қазақ халқының этикеті Дайындық бөлімі; ықылас пен есті дамыту; музыкалық-ритмикалық жаттығулар; маршировка; сахналық акробатика негіздері; сахналық құлау; жонглер; психофизикалық аппаратты дамытуға арналған жаттығулар; сәлемдесу; ишарат білдіру; әріптеспен өзара әрекеттесу; Европаның стилдік әдістері; қазақ халқының этикеті; актердің пластикалық айқындылығы; этюдпен жұмыс жасау. | 144 |
| | ЖКП 11. Сахна шайқасының негіздері | Әртүрлі суық қару қолдану арқылы сахналық шайқас элементтері: қылыш, сапы, таяқ, сүңг і және тағы басқалар, жөнінде білімдерін қалыптастыралы. Сахналық шайқас элементтерін орындау, ұлттық қару түрлерін қолдану арқылы шайқас жүргізу, этюдтардың әр түрлі түрлерін орындау дағдыларын | 152 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны: Физикалық және психофизикалық сапаның дамуы; әртүрлі суық қару қолдану арқылы сахналық шайқас элементтерін оқыту: қылыш, сапы, таяқ, сүңг і және тағы басқалар.; ұлттық қару түрлерін қолдану арқылы шайқас; сахналық қылыштасу; этюдтардың әр түрлі түрлері; тарихи шайқас; актер шеберлігі мен сахна шайқасының өзара байланысы. | |
| | ЖКП 12. Би | Би тарихы және түрлері, қол және аяқ қимылының терминологиясын, қазақ,орыс, өзбек, тарихи-тұрмыстық, әлем халқы билерінің ұлттық ерекшеліктерін, музыкалық және айқын хореографиялық құралдардың өзара әрекеттесу і н і ң бастаушы қағидалары жөнінде білімдерін қалыптастырады. Қозғалыстармен бейнені келтіру, эмоцияны көрсету, дене қозғалысын үйлестіру дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны: Музыкалық өлшем; классикалық би бойынша станоктағы және зал ортасындағы жаттығулар; қазақ халық биінің элементтері, орыс халық биінің элементтері,тарихи-тұрмыстық би элементтері, вальс, полька, полонез; музыкалық шығарманың құрылуы; әлем халқы биінің элементтері; XVI-XVII ғасырлардағы би элементтері; өзбек биінің элементтері; испан, италиян билерінің элементтері; XVIII-XIX ғасыр билері; XX ғасыр билері; дипломдық көрініске би қою. | 152 |
| | ЖКП 13. Этюд | Ерік, ой, қиял, ойлар, елестеу | 82 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | сияқты физиологиялық қасиеттерді аша білу, актердің шығармашылық ізденісінің нәтижесі ретінде өзгере алу қабілетін игеру, ойды игеру білімдерін қалыптастырады. Сахна этикасын, сахналық зейін және оның әртүрлілігін, жеке этюдтар, темпоритм, сахналық қозғалысты, жұптық этюдтар, импровизация процесін, сахналық қарым-қатынасты,сахналық нысан, топтық этюдтарды құру дағдыларын меңгепуге ықпал етеді. Пәннің мазмұны: елестетуге жаттығулар және тренингтер; сахна этикасы; сахналық зейін және оның әртүрлілігі; жеке этюдтар, темпоритм, сахналық қозғалыс; жұптық этюдтар; импровизация процесі; сахналық қарым-қатынас; негізгі тапсырма, кезектен тыс тапсырма; сахналық нысан; топтық этюдтар. | |
| | АП 1. Сахна тілі | Сөйлеу аппаратының негізгі қағидалары, ассимиляция заңы, әдеби сөйлеудің нормалары жөнінде білімдерін қалыптастырады. Тынысты басқару, регистрды басқару, бұлшық еттік қысқыштарды шешу, сөйлеу арқылы дауысты көтеру және төмендету, орфоэпия және дикция дағдыларын меңгеру, психологиялық және логикалық үзілісте бола білу, мәтін мағынасын аша білу, тындаушыға сөз көркемдігін жеткізе білу, таңдалып алынған материалмен өзіндік жұмыс жасау дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны: Сөйлеу аппараттың құрылым және нег і зг і | 150 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | қағидалары; әр түрлі дауысты және дауыссыз үндесулердің орфоэпиясын және дикцияны меңгеру; қаз і рг і әдеби айтылудың нормалары; сөйлеудегі дем алудың ролі; сөйлеу мәнерімен жұмыс істеу; артикуляциялық гимнастика; темпті өзгерту үшін дыбыстық ережелерді, диапазонды дамыту, дыбысталудың жеңілдігі және күшін меңгеру; әртүрлі авторлардың прозалық және өлең мәтіндерін меңгеру; диалогтармен, сахнамен жұмыс жасау; монологты таңдау және жұмыс жасау. Тіл мәдениеті. | |
| | АП 2.Актер шеберлігі | К.С.Станиславскийд і ң жүйелер і, көркем бейнен і жасауға дейінгі сахнадағы актерд і ң і шк і және сыртқы техникасы элементтер і н меңгеру әдістерінің заңдары, көрініс жасау үрдісі туралы білімдерін қалыптастырады. Ерік, ой, қиял, ойлар, елестеу сияқты физиологиялық қасиеттерді аша білу, актердің шығармашылық ізденісінің нәтижесі ретінде өзгере алу қабілетін игеру, ойды игеру, пьесаның негізгі ойын аңықтау, мәтінді талдау, философиялық-психологиялық ойды аша білу, көріністегі кейіпкердің ішкі және сыртқы бейнесін қалыптастыра білу, көрерменді сезіну, көрерменмен байланыста бола білу дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пәннің мазмұны: К.С. Станиславский жүйесі туралы дәрістер мен әңгімелер; мамандыққа кіріспе; елестетуге жаттығулар және тренингтер; сахна этикасы; сахналық зейін және оның | 600 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | әртүрлілігі; жеке қойылымдар, темпоритм, сахналық қозғалыс; жұптық этюдтар; импровизация процесі; сахналық қарым-қатынас; негізгі тапсырма, кезектен тыс тапсырма; сахналық нысан; топтық этюдтар; сахналық табиғилық; ертегі, әңгіме, повесттерден үзінді; әріптеспен жұмыс; актердің көрерменге әсері; ішкі сахналық көңіл-күй; шетел жазушылары шығармларынан үзінді; Қазақстанның драматург –жазушыларының пьесаларынан үзінді; музыкалық-драмалық көріністермен жұмыс; сөз, ән салу, бидің әсерлесіп өзара байланысуы; қатысушы кей і пкерлерд і ң і шк і және сыртқы түр і н і ң б і рт і ндеп жасалуы; дипломдық жұмыста кәсіби актерлік шеберлігін меңгеру. | |
| | КП 1. Танысу практикасы | Оқу-сахналық жұмысты оқытушы басшылығымен сабақтан тыс сахналық тәжірибеге дайындауды, концерттер мен қойылымдарда сабақтан тыс оқу-сахналық тәжірибені құрайды. | 72 |
| | КП 2. Оқу практикасы | Оқытушы басшылығымен сабақтан тыс сахналық тәжірибеге дайындауды, концерттер мен қойылымдарда сабақтан тыс оқу-сахналық тәжірибені құрайды. | 396 |
| | КП 3. Кәсіптік практика | Оқу-сахналық жұмысты, оқытушы басшылығымен сабақтан тыс сахналық тәжірибеге дайындауды, концерттер мен қойылымдарда сабақтан тыс оқу-сахналық тәжірибені құрайды. | 468 |
| | КП 5.Кәсіптік практика | Оқу-сахналық жұмысты, оқытушы басшылығымен сабақтан тыс сахналық тәжірибеге дайындауды, | 456 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | концерттер мен қойылымдарда сабақтан тыс оқу-сахналық тәжірибені құрайды. | |
| | КП 4. Дипломдық практика | Декорациямен жұмыс; жарық пен музыканы қолдану үрдісі; дипломдық көрініспен жұмыс жасау. | 360 |
| | Аралық, қорытынды аттестация | - | 252 |